

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қараша N 1728

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

"Темір жол көлігі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң тасымалдаушылар, теміржол көлігі ұйымдары, жолаушылар, жөнелтушілер, жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, мемлекеттік органдар, басқа заңды және жеке тұлғалар арасында теміржол көлігімен жолаушылар, жүктер, багаждар, жүк багаждары мен почта тасымалдарын жүзеге асырудағы қатынастарды реттейді.

1 - т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1-бап. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясат

1. Теміржол көлігіндегі мемлекеттік саясат тұрғындардың, мемлекет экономикасының, қорғанысының тасымалдардағы қажеттілігін толығымен қанағаттандыруға жағдай жасауға бағытталды, мына қағидаларды ұстануға тиіс:

- 1) көлік рыногының барлық субъектілерінің теміржол көлігі қызметіне тиімді және е р к і н қ о л ж е т к і з у і ;
- 2) Қазақстан Республикасының экономикалық мүддесін қорғауы;
- 3) тасымалдардың барлық қатысушыларына құқықтық және экономикалық кепілдіктің бірыңғай стандартын қолдануы;

2. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары:

- 1) т а с ы м а л д а р д ы д а м ы т у ;
- 2) т а с ы м а л д а р д ы ң қ а у і п с і з ж а ғ д а й л а р ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 3) темір жол көлігінде қолайлы тарифтік, салық және кеден саясатын жүзеге асыру;
- 4) теміржол көлігінде кәсіпкерлік еркіндігін және тасымалдаушылар мен теміржол көлігі ұйымдарының шаруашылық қызметіне мемлекет органдарының заңсыз араласпауын қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 5) бәсекелестікті дамыту, соның ішінде халықаралық тасымалдар саласында;
- 6) магистралды теміржол желісінің бірыңғай мүліктік кешенін сақтау;
- 7) қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у ;
- 8) теміржол көлігін әскери даярлыққа жұмылдыру қабілеттігіне және әскери тасымалдарды орындауға тұрақты даяр болуына қолдау көрсету;
- 9) теміржол көлігінің мұқтажы үшін импорт алмастыру өндірісін дамытуға қолдау к ө р с е т у .

3. Теміржол көлігін дамытуға мүмкіндік туғызатын мемлекеттік саясатты жүзеге асыру теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органына және олардың құзырына сәйкес басқа мемлекеттік органдарға жүктеледі.

2 - б а п . Н е г і з г і ұ ғ ы м д а р

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) багаж - жөнелтушінің жолаушылар мен почта-багаж поезында тасымалдауға қабылданған, салмағы 200 килограмнан аспайтын мүлік;
- 2) тармақ иеленуші - меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде теміржолдың кіреберіс жолдарын иеленуші тұлға;
- 3) жүк - жүк поезында тасымалдауға қабылданған мүліктер (бұйымдар, заттар, пайдалы қазбалар, материалдар және өзгелер);
- 4) жүк багажы - жолаушылар мен почта-багаж поездарында тасымалдауға қабылданған, салмағы 200 килограмнан артық мүлік;
- 5) жүк жөнелтілімі - теміржолдық көліктік бір жүк құжаттамасымен тасымалдауға т а п с ы р ы л а т ы н жү к п а р т и я с ы ;
- 6) жүк жөнелтуші - тасымалдау құжаттарында аталған жүк жөнелтуші тұлға;
- 7) жүк алушы - тасымалдау құжаттарында аталған жүк алушы тұлға;
- 8) темір жолдар - олар бойынша жылжымалы құрамның жүруі іске асырылатын жылжымайтын мүлік объектілері: магистралдық, станциялық, кіреберіс жолдар (тар және к е ң т а б а н ж о л д а р) ;
магистралдық жолдар - республика аймақтары арасында және басқа мемлекеттермен теміржол қатынасын қамтамасыз ететін темір жол;
станциялық жолдар - кіреберіс жолдардан басқа теміржол станцияларының шекарасындағы т е м і р ж о л д а р ;

кіреберіс жолдар - жекелеген жүк жөнелтуші мен жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған және магистралды, станциялық, сондай-ақ басқа да кіреберіс жолдармен жанасатын темір жол.

9) теміржол қатынасы - жөнелтілген және белгіленген бекеттер арасында мына түрлерді қосқанда теміржол көлігімен жолаушылар, жүктер, багаждар, жүк багаждарымен почтаны тасымалдау:

халықаралық - Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері арасындағы және Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен тасымалдау;

республикалық - Қазақстан Республикасы шегіндегі тасымал;

қала маңындағы - қала ішіндегі және ара қашықтығы 150 километрден аспайтын қала маңындағы жолаушылар тасымалы;

10) теміржол көлігі - теміржолдар арқылы тасымалдау қажеттілігін қамтамасыз ететін көліктің түрі;

11) теміржол көлігінің жерлері - теміржолдар, құрылыстар, желілік-жолдық және басқа ғимараттар мен теміржол станциялары, қорғағыш ағаштар және жол құрылғылары орналасқан жер учаскелері;

12) клиент - жасалған шартқа сәйкес теміржол көлігі ұйымдарының қызметін пайдаланатын тұлға;

13) магистралды теміржол желісі - магистралды жолдарды пайдалануды қамтамасыз етуге қажетті магистралды жолдарды, электрмен жабдықтау, сигнализация және байланыс объектілерін қоса алғандағы магистралды теміржол инфрақұрылымы;

14) аз пайдаланылатын жолдар - тасымалдау көлемі аз магистралды жолдың тұйық немесе салыстырып қарағанда қысқа қосу учаскелері;

15) Ұлттық теміржол компаниясы - магистралды жолдар арқылы тасымалдау қызметін ұйымдастыру үшін құрылған ұйым, оның меншік иесі мемлекет болып табылады;

16) қауіпті жүктер - өздеріне тән қасиеттерге байланысты тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын орындауда және сақтау кезінде жарылысқа, өртке немесе техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың бұзылуына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына, улануына, күйюіне немесе ауруына себеп болатын, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін жүктер;

17) магистралды теміржол желісінің операторы - магистралды жолдар бойынша тасымалдау үдерісін басқаруды жүзеге асыратын тұлға;

18) теміржол көлігінің ұйымы - магистралды теміржол желісі тасымалдаушысы және/немесе операторы ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға, сондай-ақ теміржол жолын иеленуші тұлға;

19) жөнелтуші - багажды, жүк багажын немесе почтаны жөнелтуші әрі тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

20) қорғалатын аймақтар - тасымалдау қауіпсіздігін, теміржол көлігі

құрылыстарының, құрылғыларының және басқа объектілерінің төзімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті жер учаскелері;

21) жолаушы - жол жүру құжаттары бар және поезда жол жүретін тұлға;

22) тасымалдаушы - меншігіндегі (жалға алған) жылжымалы құраммен тасымалдарды жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

23) тасымалдау құжаттары - ресімдеу жолымен тасымалдау шарттары (көліктік теміржол жүк Құжаттамасы, жол жүру құжаты (билет), багаждық және жүк багаждық түбіртек) жасалатын құжаттар;

24) тасымалдау үдерісі (тасымалдарды жүзеге асыруда орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық өзара байланысты іс-әрекеттер мен операциялардың жиынтығы);

25) жылжымалы құрам - жолаушыларды, багаждар мен жүк багаждарын тасымалдауға, сондай-ақ теміржол көлігін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге арналған теміржолдармен қозғалысты жүзеге асыратын тартқыш, өздері жүретін және көлік құралдарының жиынтығы;

26) алушы - багаж, жүк багажын немесе почтаны алатын және тасымалдар құжаттарында аталған тұлға;

27) тасымалдар ережелері - жолаушыларды, жүктерді, жүк багаждарын және почта тасымалдарын жүзеге асыруда теміржол көлігі ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдер;

28) қол жүгі - салмағы және көлемі бойынша белгіленген мөлшерден аспайтын ақысыз жолаушының өзімен тасымалданатын жеке заттары;

29) тез бүлінетін багаж, жүк, жүк багажы - жарамдылық мерзімі қысқа және ерекше сақтау жағдайын талап ететін багаж, жүк, жүк багажы;

30) арнайы тасымалдар - мемлекет және қорғаныс мұқтажына арналған арнайы жүктерді тасымалдау;

31) тасымалдылық мерзімі - тез бүлінетін жүктің, багаждың, жүк багажының сертификатта (сапалық куәлікте) көрсетілгендей жолда болуының ең ақырғы мерзімі;

32) теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы - белгіленген құзырет шегінде мемлекеттік саясатты және стратегияны жүзеге асыру мақсатында теміржол көлігі ұйымдарының қызметіне басшылық етуді және бақылау жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3-бап. Теміржол көлігінде жолаушылар, жүктер, багаждар, жүк багаждары мен почта тасымалын ұйымдастырудың негіздері

1. Теміржол көлігімен жолаушылар, жүктер, багаждар, жүк багаждары және пошта тасымалдары теміржол көлігі туралы заңдармен белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша жүзеге асырылады.

2. Тасымалдаушы осы Заңмен және халықаралық шарттармен белгіленгеннен басқа

жағдайларда, ақысын төлеген және жол жүру немесе жүк, багаж, жүк багажы мен почта тасымалдарына тасымалдау құжаттарын дұрыс ресімдеген қызмет пайдаланушыларға тасымалдар жасаудан бас тартуға құқығы жоқ.

4-бап. Теміржол көлігі туралы заңнама

1. Теміржол көлігі туралы заң Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерден тұрады.

2. Әскери және арнайы тасымалдарды ұйымдастыру, қамтамасыз ету және реттеу ерекшеліктері арнайы заңнамамен реттеледі.

5-бап Теміржол көлігіндегі шарттар

1. Тасымалдау шартының міндетті шарттары соларға сәйкес шығарылған Азаматтық кодекспен, осы Заңмен және тасымалдау ережелерімен анықталады. Тараптар тасымалдау шартының өзге де шарттарын анықтауға ерікті.

2. Теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк багажын және почтаны тасымалдау Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың заңды және жеке тұлғалармен (шетелдіктерді қоса), экспедиторлармен, сондай-ақ өздерінің араларындағы қарым-қатынас шартының негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік органдардың олардың құзыретіне сәйкес жасаған аса маңызды тасымалдарды жүзеге асыру туралы жазбаша нұсқауларын (шешімдерін) тасымалдаушы орындауға міндетті. Тиісті нұсқауларда (шешімдерде) осындай тасымалдар үшін есеп айырысу тәртібі және мерзімі туралы мәліметтер болуы тиіс.

4. Халықаралық қатынаста және транзитпен теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүктерді және жүк багажын тасымалдау Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап. Лицензиялау

Темір жол көлігіндегі қызметтің жеке түрлері лицензиялау туралы

Z952200_

заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

7-бап. Сертификаттау

1. Теміржол көлігінің қызметіне жататын өнімдерді, жұмыстарды және

қызметтерді міндетті сертификаттау туралы

Z990434_

қолданылып жүрген
заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

2. Шетелдік орган берген сертификат, егер оны беру талаптары
Қазақстан Республикасында заңнамасында белгіленген стандарттар жауап берсе
Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

2-тарау. Теміржол көлігіндегі басқарушылық

8-бап. Теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқару

1. Темір жол көлігі саласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің
құзырына:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік жолаушылар
қатынасына тыйым салу туралы шешім қабылдау;

2) Қазақстан Республикасының аумағына/аумағынан әкелу, әкету, багаж, жүк және
жүк багажын тасымалдауға тыйым салу туралы шешім қабылдау;

3) Ұлттық темір жол компаниясының мәртебесін анықтау;

4) әскери және арнайы тасымалдарды жүзеге асыру тәртібін анықтау;

5) міндетті сертификаттауға жататын темір жол көлігі объектілерінің тізбесін бекіту
;

6) олардың айрықша қасиеттеріне байланысты жүктердің жеке түрлерін қорғауды
қамтамасыз ету тәртібін белгілеу;

7) магистралды темір жол желісін пайдалану тәртібін бекіту;

8) магистралды темір жол желісіне кіретін теміржолдардың тізбесін бекіту,
сондай-ақ теміржолдарды осындай тізбеден шығару;

9) темір жол көлігінің жоғары қауіпті аймақтарында жолаушылардың, азаматтардың
болу, оларда жұмыс жүргізу теміржолдар арқылы өту және жүру ережелерін бекіту.

2. Темір жол көлігіндегі уәкілетті органның құзыретіне:

1) тұтынушылардың құқығын қорғау, қоғамның, қоршаған орта, азаматтардың өмірі
мен денсаулығы қауіпсіздігін, сондай-ақ көрсетілетін қызмет сапасын қамтамасыз
ететін темір жол көлігінің біліктілік талаптарын бекіту;

2) жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк багажын және почтаны тасымалдау
тәртібін, техникалық пайдалану тәртібін бекіту;

3) жылжымалы құрамды тіркеу тәртібін анықтау;

4) Жүктерді, жолаушыларды, жүк багажын және багажды тасымалдаған кезде (кедендік, фитосанитарлық, шекаралық, ветеринарлық) бақылау және арнайы атқару функцияларын жүзеге асыратын ұлттық темір жол компаниясының, тасымалдаушының , темір жол көлігі ұйымдарының мемлекеттік органдармен өзара әрекетінің тәртібін анықтау ;

5) темір жол көлігінің жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша бөлу жолағын пайдалану тәртібін анықтау;

б) нысандық киімді және соған тиісті әртүрлі белгілерді тағуға құқығы бар темір жол көлігі жұмыскерлерінің (мамандығының) лауазымының тізбесін, сондай-ақ оларды беру тәртібін бекіту ;

7) көлік туралы заңнамаға сәйкес өзге де мәселелер жатады.

3. Темір жол көлігі саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзырына:

1) осындай шешімді тасымалдаушы немесе өзге де мүдделі тұлға қабылдаған жағдайдан басқа жолаушыларды қала маңындағы қатынаста тасымалдауды ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;

2) төтенше жағдайлар туындаған кезде тасымалдауды уақытша тоқтату туралы шешім қабылдау .

9-бап. Ұлттық теміржол компаниясы

1. Ұлттық теміржол компаниясы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық теміржол компаниясы магистралды теміржол желісін иелену мен пайдалануды жүзеге асырады және магистралдық теміржол жүйесінің операторы мен тасымалдаушы қызметін атқарады .

3. Ұлттық теміржол компаниясының магистралдық теміржол жүйесінің операторы мен тасымалдаушының қызметін орындайтын құрылымдық бөлімшелерінің ішкі қаржы бөлудің тәртібін және шартын теміржол көлігіндегі мемлекеттік уәкілетті орган белгілейді .

4. Ұлттық теміржол компаниясы тасымалдаушысының қызметі Ұлттық темір жол компаниясын қайта ұйымдастыру арқылы басқа тұлғаға берілуі мүмкін.

10-бап. Тасымалдау үдерісін басқару

1. Магистралдық теміржол желісінің операторы магистралдық теміржол жолдарын орталықтан басқаруды және тасымалдау үдерісін ұйымдастыруды, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен пайдалану ережелеріне сәйкес тасымалдаушылармен келісімшарттар жасауды жүзеге асырады.

2. Магистралдық теміржол желісінің операторы техникалық пайдалану ережелеріне сай келмейтін жылжымалы құрамның, магистральдық теміржол желісімен жүруіне тыйым салуға міндетті .

11-бап. Теміржол көлігі ұйымдарының мемлекеттік органдармен ө з а р а і с - қ и м ы л ж а с а у ы

1. Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың бақылаушылық және арнаулы атқарушылық қызметтерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен (кеден, фитосанитарлық, шекара, малдәрігерлік және тағы басқалар) тасымалдар кезіндегі өзара іс-әрекеті теміржол көлігіндегі уәкілетті органының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісу арқылы, айқындаған тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасынан жүктерді транзит арқылы өткізуге, әкелуге, шығаруға тыйым салу, теміржол көлігі тасымалдарына шектеу енгізу заң кесімдеріне с ә й к е с қ а б ы л д а н а д ы .

Халықаралық қатынастардағы тыйым салу және шектеу жөніндегі ескертулер Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

3. Мемлекеттік шекара арқылы өтетін жүктерді, жолаушыларды, багажды, жүк багажын және почтаны бақылау мен тексеруді тиісті мемлекеттік уәкілетті органмен (кеден, салық, көліктегі ішкі істер органдары, шекара, фитосанитарлық, малдәрігерлік және басқалар) теміржол көлігіндегі уәкілетті орган анықтаған тәртіппен жүзеге а с ы р а д ы .

12 - б а п . Т е м і р ж о л с т а н ц и я с ы

1. Тасымалдаушы тасымалдарды тиісті операцияларды жүргізуге, ашық теміржол станциялары арасында жүзеге асырады.

2. Жұмыс режимін белгілеу, сондай-ақ барлық немесе кейбір

операцияларды орындау үшін темір жол ашуды және жабуды тасымалдау ережелеріне сәйкес, иеленуші жүзеге асырады.

3. Кеден, малдәрігерлік, фитосанитарлық органдар өз қызметтерін теміржол станциясымен келісілген жұмыс режимінде темір жол станциясының аумағында жүзеге асырады.

4. Барлық тасымалдаушыларға жолаушыларды, багаждарды, жүк багаждары мен почтаны тасымалдау жөніндегі операцияларды, сондай-ақ жүктерді қабылдау, тиеу, түсіру және беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыру бойынша теміржол станцияларында қызмет көрсетілгенде, бірдей мүмкіншілік берілуі тиіс.

3-тарау. Теміржол көлігінің қаржысы мен экономикасы

13-бап. Тарифтер мен ақы төлеу

1. Тасымалдаушының қызметіне бағаны, соның ішінде тарифті (тасымал ақысын) тасымалдаушы белгілейді.

2. Монополияға қарсы заңнамаға сәйкес тасымалдаушының көрсеткен қызметіне, соның ішінде тарифке (тасымалдау ақысына), белгілеген бағалары тасымалдаушының тиімді жұмыс істеуіне қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етуі тиіс.

3. Тасымалдаушының көрсеткен қызметіне бағалар монополияға қарсы заңнамаға сәйкес белгіленген, ол клиенттің ұсынысы бойынша ерекше шартпен ақылы тасымалды ұйымдастыруға құқылы.

4. Облыстардың және Алматы мен Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдары тасымалдаушының ұсынысы бойынша жолаушылардың қала маңы қатынасында жол жүру тарифтерін белгілейді және реттейді.

5. Халықаралық қатынаста жүктерді, жолаушыларды, багаждарды, жүк багаждары мен почтаны тасымалдауға тарифті қолданудың ережесі халықаралық шарттармен белгіленеді.

14-бап. Магистралдық теміржол желісін пайдалануға ақы төлеу

1. Тасымалдаушылар магистралдық темір жол желісі бойынша тасымалдарды магистралдық теміржол желісін пайдалану ережелеріне сәйкес жүргізеді.

2. Тасымалдаушы магистралды теміржол желісінің операторына магистралды теміржол желісін пайдаланғаны үшін ақыны заңнамамен белгіленген мөлшерге сәйкес төлейді.

3. Магистралдық теміржол желісін пайдаланғаны үшін магистралды теміржол желісінің операторы алған қаржылар магистралды теміржол желісін дамытуға, қайта жаңартуға және күтіп ұстауға жұмсалады.

15-бап. Тасымалдауға талап қою құқығын беру

Жүк жөнелтушіге байланысты себептер бойынша жүзеге асырылмаған тасымалға (толық көлемде орындалмаған) алдын-ала ақы төленген жағдайда, жүк жөнелтуші осы тасымалға талап қою құқығын беруді, тек тасымалдаушының келісімімен ғана жүргізуге құқылы.

16-бап. Теміржол көлігінің көпшілік және жеке пайдаланыстағы объектілері

1. Магистралдық теміржол желісі мемлекеттің меншігі және Қазақстан Республикасының барлық аумағында жалпы пайдаланымдағы темір жол көлігінің объектісі болып табылады.

2. Магистралдық теміржол желісіне жатпайтын темір жолдар теміржол көлігінің

жеке пайдаланымдағы объектісі болып табылады және жеке меншікте болуы мүмкін.

17-бап. Магистралдық теміржол желісі

1. Магистралдық теміржол желісінің операторы тасымалдаушыларға

магистралдық теміржол желісі мен оның жабдықтарын тең құқықпен пайдалануды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Магистралдық теміржол желісінің операторы магистралдық теміржол желісінің дамытылуын, құрылысын, қайта жаңартылуын және күтіп-ұсталуын жүзеге асырады.

18-бап. Аз пайдаланылатын жолдар

Мемлекеттік меншік болып табылатын аз пайдаланылатын жолдардың өзін-өзі ақтамаған жағдайында оның қызметін тоқтатуды немесе жабуды жергілікті атқарушы органдармен келісу арқылы магистралдық теміржол желісі операторының ұсынысы бойынша теміржол көлігіндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

4-тарау. Теміржол көлігінің жерлері мен қорғалатын аймақтары

19-бап. Теміржол көлігінің жерлері

1. Тасымалдаушыға немесе теміржол көлігі ұйымдарына жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін оларға пайдалануға немесе меншігіне берілетін жер теміржол көлігінің жерлері болып табылады.

2. Теміржол көлігінің жерлеріне, теміржолдың жолдары, әрі олармен технологиялық байланыстағы ғимараттар мен құрылыстар орналасқан жерлер жатады:

1) магистралдық жолдар және олармен технологиялық байланыстағы ғимараттар мен құрылыстар (теміржол төсемі, тоннельдер, виадуктер, сигналдық жабдықтар, қызметтік-техникалық ғимараттар);

2) кіреберіс жолдар;

3) теміржол станциялары ғимараттарымен, энергетикалық, локомотив, вагон, жол және жүк шаруашылықтарының, сумен қамтамасыз ету және канализация құрылыстарымен, қорғауыш және нығайту екпе ағаштарымен, теміржол көлігіне қызмет көрсетуге арнайы тағайындалған қызметтік және басқа да объектілермен.

3. Теміржол көлігінің жерлері, мемлекеттік уәкілетті органдармен белгіленген қала құрылысын салу мен экологиялық талаптарға, заңдарға сәйкес стандарттар мен өзге де нормаларға сәйкес келуі тиіс.

4. Тасымалдаушы, оның кінәсінен қоршаған табиғи ортаға келтірген зияны үшін және де теміржол көлігінің жерлерін тиісті дәрежеде күтіп-ұстамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

20-бап. Теміржол көлігінің жерлерін бөлу мен пайдаланудың тәртібі

1. Жер учаскелері теміржолдар мен теміржол станцияларының жобалау-сметалық құжаттарына және даму бас сызбаларына сәйкес, теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органымен келісу арқылы белгіленген тәртіппен бекітілетін нормалар бойынша беріледі.

2. Жер учаскелерін беру, Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бөлінген жолақтағы теміржол көлігінің жерлерін пайдаланудың тәртібін жер заңнамасына сәйкес теміржол көлігіндегі уәкілетті орган анықтайды.

21-бап. Теміржол көлігінің қорғалатын аумақтары

1. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ теміржол көлігі ұйымдарының теміржол көлігі жерлерінің жолақтарына ұласатын жер учаскелері объектілерінің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында, жер пайдаланудың ерекше шарттары арқылы қорғалатын аумақтары белгіленеді, олардың шегінде аймақтарды белгілеу мақсаттарына қайшы келетін қызмет түрлеріне шек қойылады, немесе тыйым салынады.

2. Теміржол көлігінің қорғалатын аумақтарына: көлік құрылыстарының, құрылыстарының және басқа объектілерінің сақталуын, беріктілігін әрі тұрақтылығын қамтамасыз етуге қажетті қорғағыш орман аймақтары, жер учаскелері, сондай-ақ теміржол көлігінің жерлеріне ұласатын жер көшкіні, опырылып құлау, шайылып кету және басқа да қауіпті әсерлер болатын аймақтарда орналасқан жер учаскелері жатады.

3. Теміржол көлігінің қорғалатын аумақтары меншік иелері мен жер пайдаланушылардың иелігінен алынбайды және олар оны белгіленген шектеулерді сақтай отырып пайдаланады.

4. Теміржол көлігінің қорғалатын аумақтарын белгілеудің тәртібін, олардың мөлшерін және жерлерді пайдаланудың режимін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

22-бап. Қорғалатын аумақтардағы жерлерді пайдалануды шектеу

1. Теміржол көлігінің қорғалатын аумақтарында мыналарға тыйым салынады:

1) меншік иесінен, немесе теміржол көлігінің жанасып жатқан жер учаскесін пайдаланудан жазбаша рұқсатсыз тұрақты және уақытша түрдегі құрылыс, монтаждау әрі тау-кен жұмыстарын жүргізуге;

2) орманды кесуге және жер көшкінінің, шөгіннің, сел тасқынының, сайлардың,

қозғалмалы құмдардың, күртік қардың, көшкіннің пайда болуына әкеліп соғатын жолдар мен өсімдік төсемін бұзуға;

2. Қорғалатын аумақтардың меншік иелері мен пайдаланушылары теміржол көлігінің қорғалатын аумақтарындағы жерлерді пайдаланудың тәртібін бұзғаны үшін заңнамада белгіленгендей жауап береді.

5-тарау. Теміржол көлігі қызметкерлерінің еңбек қатынастарын реттеудің ерекшеліктері

23-бап. Теміржол көлігі қызметкерлерінің еңбек қатынастары Теміржол көлігі саласындағы еңбек қатынастары еңбек туралы заңнамамен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен, ұжымдық шарттармен, жеке еңбек шарттарымен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен (жұмыс берушінің кесімдерімен) реттеледі.

24-бап. Поездар қозғалысымен байланысты жұмысқа қабылдау Жұмыстары поездар қозғалысымен тікелей байланысты теміржол көлігінің қызметкері теміржол көлігіндегі уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен кәсіби іріктеуден өтуі тиіс, сондай-ақ қызметтік міндеттерді атқаруға қажетті дайындығы және денсаулығы болуы қажет.

Поездар қозғалысымен тікелей байланысты жұмысқа қабылдау алдын-ала міндетті медициналық тексеруден өткеннен кейін жүргізіледі.

25-бап. Жұмыс уақытының режимі Поездар қозғалысымен тікелей байланысты теміржол көлігі қызметкерінің жұмыс режимінің ерекшелігін теміржол көлігіндегі уәкілетті орган белгілейді.

26-бап. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша теміржол көлігі қызметкерімен жеке еңбек шартын бұзудың негіздері
1. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша, еңбек жөніндегі заңнамада қарастырылған жағдайлардан бөлек, поездар қозғалысымен тікелей байланысты теміржол көлігінің қызметкерімен мынадай еңбек міндеттері бір рет өрескел бұзылғанында:

- 1) теміржол көлігіндегі қауіпсіздік ережесі;
- 2) поездар қозғалысының және маневрлік жұмыстың қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасалғанда;
- 3) теміржол көлігінде техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың тууына әкеліп соққан әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасалғанда теміржол көлігі қызметкерімен жеке еңбек шарты бұзылады.

2. Жеке еңбек шарты заңсыз негізде бұзылған жағдайда қызметкер еңбек туралы заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша бұрынғы жұмысына қайта орналастырылады.

27-бап. Теміржол көлігінің қызметкерін жұмыстан шеттетуге

1. Теміржол көлігіндегі уәкілетті органның, магистралды теміржол желісі операторының талап етулері бойынша жұмыс беруші магистралды теміржол желісі операторы диспетчерлік қызметінің тасымалдау процесін басқарумен және поездар қозғалысымен байланысты берген нұсқауларын орындамаған, сондай-ақ жұмыс уақытының режимін бұзған теміржол көлігінің қызметкерін жұмыстан шеттетуге м і н д е т т і .

2. Жұмыстан шеттетілген кезеңге жалақы сақталмайды.

3. Қызметкерді жұмыстан шеттетуге осыған негіз болған себептерді анықтау мерзіміне дейін жүзеге асырылуы мүмкін.

6-тарау. Теміржол көлігінде жолаушыларды сақтандыру

28-бап. Жолаушыны сақтандыру

1. Тасымалдаушы жолаушының өміріне, денсаулығына зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік қауіп-қатерін сақтандыруға м і н д е т т і .

2. Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын тасымалдаушы жолаушының өміріне, денсаулығына зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік қауіп-қатерін міндетті сақтандыруды, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттың шарты бойынша жүргізеді.

3. Жолаушының өмірі мен денсаулығын міндетті сақтандырудың сақтандыру полисі болып жол жүру құжаты (билет) саналады.

29-бап. Міндетті түрде сақтандырудың шарттары

1. Сақтандыру уақиғасы нәтижесінде жолаушының өміріне, денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян, тигізген залалдың нақты мөлшерінде қалпына келтірілуі к е р е к .

2. Тасымалдаушының сақтандырушымен жасасқан сақтандыру шарты, шартқа қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

30-бап. Сақтандыру төлемдері

Міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін тасымалдаушы сақтандырушының пайдасына ай сайын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушылар тасымалынан түсетін кіріс сомасының 0,2 пайызы мөлшерінде төлейді.

31 - бап. Сақтандыру оқиғасы

1. Тасымалдаушының, жұмыс берушінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша жолаушының өміріне, денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян фактісінің расталуы, сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Сақтандыру оқиғасы болған кезде тасымалдаушы, жұмыс беруші сақтандыру заңдарымен белгіленген нысан мен тәртіп бойынша сақтандырушының атауын және оның ең жақын орналасқан филиалының (өкілдігінің) заңды мекен-жайын міндетті түрде көрсетіп, кесім жасап, әрі актіні жолаушыға, қызметкерге, немесе олардың мұрагерлеріне, сондай-ақ сақтандырғышқа тапсыруға міндетті.

32 - бап. Сақтандыру өтемі

1. Жолаушы, немесе оның мұрагерлері сақтандырушыға өтініш жасаған кезде ол сақтандыру өтемін төлеуді жүргізуге міндетті, өтінішке тасымалдаушы, жұмыс беруші жасаған акт қоса тіркелуі тиіс.

Егер қаза тапқан жолаушының мұрагерлері болмаған жағдайда, сақтандырушы жерлеуге шығын шығарған адамдарға шығарылған шығындардың нақты мөлшерінде өтемақы төлейді.

2. Жолаушының немесе оның мұрагерлерінің өтініш беруінің тәртібі сақтандыру туралы заңдармен белгіленеді.

3. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру өтемін төлеген кезде, жолаушыға немесе оның мұрагерлеріне әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамтамасыз ету және ерікті сақтандыру шарттары бойынша тиісті сомалар есепке алынбайды.

4. Сақтандырушы қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жеңілдікпен жүру құқығын пайдаланатын жолаушыларға (соның ішінде 7 жасқа дейінгі балалар) осы Заңның 31-бабының 2-тармағында көзделген кесімнің негізінде сақтандыру төлемдерін төлеуден босатылмайды.

5. Сақтандыру өтемін төлеу өтініш тапсырылғаннан кейін 7 банкілік күнде жүзеге асырылуы тиіс.

6. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі үш жыл ішінде, жарақаттанушы алған жарақатынан мүгедек болса, немесе қайтыс болса, сақтандырушы бұрын жасалған төлемдерді есепке алып, төленетін сақтандыру сомасының мөлшеріне қайта есептеу жүргізеді.

7-тарау. Қозғалыс қауіпсіздігі, теміржол көлігінің жүктері мен объектілерін күзету, ерекше жағдайларда жұмыс ұйымдастыру

33-бап. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, теміржол көлігінің көліктік және басқа да техникалық құралдарын эксплуатациялауды ұйымдастыру

Тасымалдаушылар мен теміржол көлігінің ұйымдары жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жол жүруін, багаждың, жүктер мен жүк багаждарының қауіпсіз тасылуын, поездардың қауіпсіз қозғалуын және жылжымалы құрамның қауіпсіз пайдаланылуын, қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз етулері тиіс.

34-бап. Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі негізгі ережелер

1. Теміржол жолдары, теміржол станцияларының, вокзалдардың және тасымалдау үдерісімен байланысты теміржол көлігі ұйымдарының басқа объектілерінің аумақтары, аса қауіпті аумақтар болып табылады, әрі теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы белгілеген тәртіпке сәйкес сигналдық қоршауы болуы керек.

2. Аса қауіпті аумақтарда жолаушылардың, азаматтардың, теміржол көлігі қызметкерлерінің болуы мен объектілердің орналасуы, оларда жұмыс жүргізу және теміржол жолдары арқылы жүріп өту әрі өту жөніндегі ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Теміржол көлігінің объектілері, сондай-ақ қауіпті жүктерді шығару, тиеу, түсіру, сақтау және тасымалдау жүзеге асырылатын объектілер мекен-жайлардан, өндірістік, ауылшаруашылық және басқа кәсіпорындардан, жеке ғимараттар мен құрылыстардан мемлекеттік уәкілетті органдар белгілеген құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес қажетті қашықтыққа аулақтатылуы тиіс.

4. Теміржол жолымен қиылысатын, немесе оларға жақын орналасқан газ, мұнай құбырлары мен басқа құрылыстарда құрылыс жүргізуде және пайдалануда белгіленген нормативтерді сақтау, сондай-ақ аталған құрылыстарды қауіпсіз пайдалану үшін олардың иелері жауапты болады.

Аталған құрылыстардың иелері, теміржол көлігі ұйымдарына қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін апаттық, немесе төтенше жағдайлардың туындағаны туралы дер кезінде ақпарат беруге міндетті.

5. Қауіпті жүктерді жөнелтіп және алып отыратын жөнелтуші (жүк жөнелтуші), алушы (жүк алушы), сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдайтын тасымалдаушы олардың қауіпсіз тасымалданатындығына кепілдік беруге міндетті, апаттық жағдайларды және олардың зардаптарын (соның ішінде шарт бойынша) жоюға қажетті құралдары мен жаппай жұмылдыру бөлімшелері болуы керек.

Қауіпті жүктерді тасымалдау процесінде туындаған апаттық жағдайларда жөнелтушілер (жүк жөнелтушілер), алушылар (жүк алушылар), тасымалдаушылар, теміржол көлігі ұйымдары аталған бөлімшелердің оқиға орнына жедел түрде жіберілуін қамтамасыз етуі тиіс.

6. Жөнелтуші (жүк жөнелтуші), экспедитор, тасымалдаушы олардың кінәсінен туындаған апаттық жағдайлар, қоршаған ортаны ластағаны, поездар қозғалысындағы үзілістер үшін мүліктік жауапкершілікке тартылады және де оларды жоюмен байланысты шығындарды өтейді.

7. Қозғалыс қауіпсіздігі мен жылжымалы құрамды және теміржол көлігі мен тасымалдау процесімен байланысты басқа да техникалық құралдарды эксплуатациялау ережелерін бұзғаны үшін, кінәлілер заңнамамен қарастырылғанға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

35-бап. Кіреберіс жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру

1. Кіреберіс жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексерудің тәртібін теміржол көлігіндегі уәкілетті орган белгілейді.

2. Тасымалдаушы және магистралдық теміржол желісінің операторы кіреберіс жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын, сондай-ақ тиеу, түсіру бойынша жұмыстарды жүзеге асырғанда қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексеруге құқылы.

36-бап. Жүктерді және объектілерді қорғау

1. Тасымалдаушы мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

- 1) тасымалдау кезінде жүктердің сақталуын;
- 2) теміржол көлігі объектілерін теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы бекітетін тізбесіне сәйкес күзетуге;
- 3) теміржол көлігінде өрттің алдын-алу және өртті жою жұмыстарын жүргізуге.

2. Жүк жөнелтуші, жүк алушы жүктің жекелеген түрлерін олардың ерекше қасиеттеріне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе мен тәртіп бойынша олардың қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жүк жөнелтушілер, жүк алушы өз өкілдерінің қостауымен тасымалдау ережелерімен тізбе және тәртіпке сәйкес жүктердің жекелеген түрлерінің белгіленген тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жүк жөнелтуші, жүк алушы осы баппен қарастырылған тізбеге енбейтін жүктерді күзетуді және алып жүруді тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыра алады.

5. Теміржол көлігінде қоғамдық тәртіптің сақталуын және қылмыспен күресті ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

37-бап. Ерекше жағдайларда жұмысты ұйымдастыру

1. Тасымалдаушы мен магистралдық теміржол желісінің операторы табиғи зілзала мен техногендік сипаттағы зардаптарды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануға міндетті.

Осы шараларды жүзеге асыру және қабылдау үшін тізбесін теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы бекітетін материалдық және техникалық құралдардың қажетті қоры болуы керек.

2. Жаппай жұмылдыру, азаматтық қорғаныс және апатты-құтқару жұмыстарының шараларын дайындаумен байланысты құқықтық қатынастар арнай заңнамамен р е т т е л е д і .

38-бап. Теміржол көлігінің ерекше жағдайлардағы іс-әрекеті

1. Төтенше жағдайлар (әскери әрекеттер, қоршауда, жер сілкіністері, су тасқындары, өрттер, көшкіндер, эпидемиялар және басқа төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар) туындаған жағдайда, осы уақытқа мемлекеттік органдардың, құзыретіне сәйкес шешімдеріне байланысты тасымалдаушының шарт қатынастары шешім қабылдағанға дейін т о қ т а т ы л у ы м ү м к і н .

2. Тасымалдауға кедергі келтіретін төтенше жағдайлар, жеңе алмайтын күштердің іс-әрекеті және басқа жағдайлар туындаған кезде магистралды теміржол желісінің операторы жекелеген теміржол бағыттарында багаждың, жүктер мен жүк багажын тиеуді у а қ ы т ш а т о қ т а т у ы н е м е с е ш е к т е у і м ү м к і н .

Магистралдық теміржол желісінің операторы қабылданған шешімнің қолданылу мерзімін белгілеуге, сондай-ақ теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органына, басқа тасымалдаушыларға және клиенттерге шұғыл түрде жазбаша х а б а р л а м а ж а с а у ғ а м і н д е т т і .

3. Егер осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған жағдайлардың әсері нәтижесінде тасымалдаушыға жүкті, жүк багажы мен багажды жеткізіп беру мүмкіндігін бермейтін кедергілер туындаған болса, егер аталған себептер бойынша шекті сақтау мерзімі өтіп кетсе, тасымалдаушы жүкті, жүк багажы мен багажды осы Заңмен, тасымалдау ережелерімен және басқа да нормативті заң кесімдерімен белгіленген т ә р т і п б о й ы н ш а и е л і к е т у г е қ ұ қ ы ғ ы б а р .

8-тарау. Жүк тасымалдарын ұйымдастыру

39-бап. Жүк тасымалдау шарты

1. Жүк тасымалдау шартына сәйкес тасымалдаушы жүк жөнелтуші тапсырған жүкті оның тасымалдау шарттарын сақтай отырып белгіленген теміржол станциясына дер кезінде, әрі түгел жеткізіп беруге және жүк алушыға тапсыруға міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші (жүк алушы) жүк тасымалына ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Теміржол көлігімен жүк тасымалдау шарты, теміржолдың көліктік жүк құжаттамасын т о л т ы р у а р қ ы л ы р е с і м д е л е д і .

3. Жүк жөнелтушіге теміржолдың көліктік жүк құжаттамасының негізінде жүк қабылданғаны туралы түбіртек берілгеннен бастап жүк тасымалдау шарты жасалды деп с а н а л а д ы .

40-бап. Тасымалдау шартының шарттарын өзгерту

1. Тасымалдау шартының шарттарын өзгерту, соның ішінде жүктің жөнелтілетін орыны ауыстыру тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кедендік бақылаудағы жүктің жөнелтілетін жерін өзгерту тиісті кеден органының келісімі бар болса жүргізіледі.

Егер кедендік бақылаудағы жүкті тасымалдау адамдардың денсаулығы мен өміріне, қозғалыс қауіпсіздігіне, экологиялық қауіпсіздікке, жүктің сақталуына және сапалық күйіне қауіп төндірген жағдайда, оларға белгіленген мерзімде міндетті түрде жазбаша хабарлап, жөнелтілетін жерін өзгерту кеден органының келісімінсіз жүзеге асырылады.

3. Әрі қарай тасымалдау қозғалыс қауіпсіздігіне және жүктің сақталуына қауіп төндірсе, тасымалдаушының жүкті қайта тиеуге құқы бар.

4. Заң кесімдерімен қарастырылған жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне сәйкес жүктерді тасымалдаушыдан алуы мүмкін. Тасымалдаушының жүкті тасымалдау және сақтау жөніндегі шығындары, сондай-ақ оған келтірілген зиян кінәлі тұлғаның есебінен өтеледі.

41-бап. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі шарт

1. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі шарт бойынша тасымалдаушы белгіленген мерзімдерде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші жүктерді тасымалдауға келісілген көлемде тапсыруға міндеттенеді.

2. Жүк тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі шартпен көлік құралдарын пайдалануға берудің және жүктерді тасымалдауға ұсынудың көлемдері, мерзімдері, шарттары, сондай-ақ осы Заңмен әрі тасымалдау ережелерімен көзделмеген тасымалдарды ұйымдастырудың басқа да шарттары белгіленеді.

42-бап. Құқықтар мен міндеттердің ауысуы

1. Жүктің баратын жеріне жеткізілгені жөнінде жазбаша хабарлама жіберілген уақыттан бастап тасымалдар шарттары бойынша құқықтар мен міндеттер жүк алушыға ауысады.

2. Жүк алушы жүк жөнелтушіден оның дұрыс емес іс-қимылдарының салдарынан тасымалдаушыға төлеген шығындары мен зияндарын өндіріп алуға құқылы.

43-бап. Жүк тасымалдау ережелері

Жүк тасымалдау ережелері шарттар мен тәртіптері белгілейді:

- 1) тасымалдарды жоспарлау;
- 2) тасымалдар жоспары орындалуының есеп карточкасын жасау;
- 3) жүкті тасымалдауға қабылдау;

- 4) жүктерді тапсыру;
- 5) вагондар мен контейнерлерді пломбалау үшін ілгектік-пломбалық құрылғыларды қолдану;
- 6) жүк құжаттамасы мен тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
- 7) бір жүк құжаттамасымен жаппай тасымалданатын жүктерді бағыттар бойынша және топ вагондармен тасымалдау;
- 8) құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдау;
- 9) жүктердің салмағын вагон таразыларында өлшеудің дәлдік нормасы;
- 10) жүк салмағының табиғи азаюының нормасы;
- 11) тасымалдар бойынша есептеулер;
- 12) кіреберіс жолдарды пайдалану, кіреберіс жолдарды пайдалануға және/немесе вагондарды беруге-жинауға шарт жасасу әрі осындай шарттардың міндеттері, шарттары;
- 13) тиеу және түсіру мерзімдері;
- 14) жеткізіп берудің мерзімдері және жеткізіп беру мерзімдерін есептеп шығару ережелері;
- 15) сақтау;
- 16) жүктерді ұстап қалу және мемлекеттік органдарға тапсыру;
- 17) жүктердің жөнелтілетін жерін өзгерту;
- 18) үйінді және ақтара тасымалдар;
- 19) ашық жылжымалы құрамдармен жүргізілетін тасымалдар;
- 20) жолсеріктердің алып баруымен жүргізілетін тасымалдар;
- 21) жөнелтушінің бағыттарымен жүргізілетін тасымалдар;
- 22) ұсақ және аз тоннажды жөнелтілімдермен жүргізілетін тасымалдар;
- 23) контейнерлермен және көліктік пакеттермен жүргізілетін тасымалдар;
- 24) мұздап қатып қалатын жүктерді тасымалдау;
- 25) тез бүлінетін жүктерді тасымалдау;
- 26) жануарлар мен құстарды тасымалдау;
- 27) малдәрігерлік, фитосанитарлық қадағалауға жататын жүктерді тасымалдау;
- 28) тар табанды теміржол жолдары бойынша тасымалдау;
- 29) актілер жасау;
- 30) вагондар, контейнерлер, алмалы-салмалы тасымалдау аспаптары бөліктерінің құны;
- 31) сұйық жүктерді құйып, вагон-цистерналарда және бункерлік жартылай вагондарда тасымалдау;
- 32) қауіпті жүктерді тасымалдау;
- 33) арнайы зерттеулер мен сараптамаларды жүргізу;
- 34) заң кесімдеріне сәйкес өзге де шарттар.

44-бап. Жүктерді тиеу, түсіру

1. Жүктерді тиеуді, түсіруді тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) осы Заңның 63-бабында көзделген тасымалдау ережелерінде немесе шарттарында қарастырылған тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

2. Жүк жөнелтуші жүкті қозғалыс қауіпсіздігі, жүктің және жылжымалы құрамның сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп тасымалдауға дайындауға міндетті.

3. Жүк алушы оның атына келген жүкті алуға және жылжымалы құрамды босатуға м і н д е т т і .

4. Тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушінің, жүк алушының құралдарымен тиеуге, түсіруге вагондарды, контейнерлерді беру уақытын оларға берерден кемінде 2 сағат бұрын жазбаша хабарлауға міндетті.

5. Тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіп бойынша тасымалдаушы жүк алушыға жүктің тағайындалған станцияға келіп жеткендігі туралы жүк жеткізіліп берілген күннен кейінгі тәуліктегі күндізгі сағат 12-ден кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндетті. Егер тасымалдаушы жүк алушыға жүктің келіп жеткендігі жөнінде жазбаша хабарламаса, онда ол жүктің келгендігі жөнінде жазбаша хабарлама жіберілгенге дейін жүктің сақталуына және вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатылады.

6. Тасымалдаушы жүк алушыға оның атына жүк келе жатқандығы жөнінде алдын-ала жазбаша хабарларды, егер ол шарт шарттарымен көзделген болса, жүзеге а с ы р а а л а д ы .

45-бап. Жүк тасымалдарын жобалау

1. Тасымалдаушы жүк тасымалдарын тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі шарттарға және берілген тапсырыстардың негізіндегі тасымалдар шарттарына сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

2. Жүктерді тасымалдауға берілетін тапсырыстың нысаны, оны ресімдеудің, толтырудың, атқарудың және есепке алудың тәртібі тасымалдау ережелерімен б е к і т і л е д і .

3. Халықаралық қатынастағы тасымалдарға тапсырыстар беру Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының шарттары бойынша жүзеге асырылады.

4. Тасымалдаушы осы Заңмен және тасымалдау ережелерімен көзделген жағдайларда тапсырысты қабылдаудан бас тарта алады.

46-бап. Теміржол көлік жүк құжаттамасы

1. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынғанда тасымалдаушыға әр жөнелтілім

үшін теміржол көлік жүк құжаттамасын, қажетті жағдайда, заңдармен көзделген басқа да құжаттарды (сертификат, лицензия, малдәрігерлік куәлік, кедендік декларациялар) тапсыруға міндетті.

2. Теміржол көлік жүк құжаттамасы мен басқа да тасымалдау құжаттарының нысаны, оларды ресімдеудің тәртібі тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

3. Жүк жөнелтуші жүк құжаттамасына енгізілген мәліметтердің дұрыстығы, сондай-ақ олардың теміржол көлік жүк құжаттамасында көрсетілген мәліметтердің қателігі, дәл еместігі немесе толық еместігі үшін қолданылып жүрген заңдар бойынша жауап береді.

47-бап. Тасымалдау құжаттарын тексеру

1. Тасымалдаушы теміржолдық көліктік жүк құжаттамасында аталған мәліметтердің дұрыстығын тексереді, ол үшін мынаған құқылы:

- 1) жүкке тексеру жүргізуге;
- 2) жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан, экспедитордан заңды тұлғаның тіркелгендігі жөніндегі нотариуспен куәландырылған куәліктің көшірмесін алуға;
- 3) жүк жөнелтуші, жүк алушы ретінде қызмет етіп жүрген жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге.

2. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың өкілі тасымалдаушыға жүкті қабылдауға (жөнелтуге) немесе беруге (алуға) сенімхат тапсыруға міндетті.

3. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында және 2-тармағында аталған мәліметтердің қандай да болмасын өзгерістері жайында хабарлауға міндетті.

48-бап. Көлік құралдарын беру

1. Тасымалдаушы қабылданған тапсырыс және/немесе келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде жүк жөнелтушіге аталған жүктерді тиеу үшін тасымалдауға жарамды: түзу, іші мен сырты тазаланған, қажет болған жағдайда жуылған және дезинфекцияланған көлік құралдарын (вагондар, контейнерлер) беруге міндетті.

2. Вагондарға жүк тиеу тасымалдаушының құралдарымен жүзеге асырылғаннан басқа жағдайларда, коммерциялық тұрғыдан алғанда жарамды вагондар мен контейнерлердің жарамдылығын жүк жөнелтуші белгілейді.

Жүк жөнелтуші тиісті жүктерді тасымалдауға берілген жарамсыз көлік құралдарынан бас тартуға құқылы.

49-бап. Вагондарды, контейнерлерді пломбалау

1. Жүк тиелген вагондар мен контейнерлер төмендегідей пломбаланады:

- 1) егер жүкті тасымалдаушы тиеген болса, оның бекіту-пломбалау құрылғыларымен

;

2) егер жүкті жүк жөнелтуші, порт, айлақ тиеген болса, онда жөнелтушінің, порттың, айлақтың бекіту-пломбалау құрылғыларымен;

2. Вагондар, контейнерлер кедендік тексеру үшін ашылған жағдайда, оларды жаңа бекіту-пломбалау, құрылғыларымен пломбалауды кеден органдары тасымалдау ережелеріне сәйкес бекіту-пломбалау құрылғыларының түрлерімен жүзеге асырады.

3. Кеден органдары салған бекіту-пломбалау құрылғылары жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының пломбаларына теңестіріледі.

50-бап. Жүк тасымалдарына ақы төлеу

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, болса, жүк тасымалдау ақысын және тасымалдаушыға тиісті төлемдерді жүк жөнелтуші, экспедитор жүк жөнелту уақытына дейін төлейді.

Және де жүк тасымалына ақы жүк тасымалы жүзеге асырылатын ең қысқа ара қашықтыққа алынады.

2. Жүк тасымалына байланысты соңғы есеп айырысуды жүк алушы, жүк жеткізілгеннен кейін жүргізіледі.

3. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың тасымалдар үшін қарызы болса, сондай-ақ төлемдерді дер кезінде жасамаса, тасымалдаушы ақы төленгенге дейін вагондардың, контейнерлердің, жүктердің жөнелтілуін немесе жүктерді беруді тоқтатып қоюы, вагондарды, контейнерлерді беруді тоқтатуы, тасымалдау шартын жасасудан немесе орындаудан бас тартуы мүмкін.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырғанда, кінәлі тарап (жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор) тасымалдаушыға вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін бүкіл кідіріс уақытына ақы төлейді.

5. Жүк тасымалына ақы жүкті тасымалдауға қабылдаған күні, ал жүк жеткізілгеннен кейін есеп айырысқанда - жазбаша хабарлама жіберілген күні төленеді.

51-бап. Жүктерді жеткізудің мерзімдері

1. Тасымалдаушы жүкті шартпен белгіленген мерзімдер жеткізуге міндетті.

2. Егер тасымалдаушы жүкті жеткізіп беру мерзімі өткенге дейін түсірсе немесе жүк алушыға түсіруге (тиеуге) белгілеген жерге түсіруге (тиеуге) жеткізсе жүктер мерзімінде жеткізілген деп есептеледі.

3. Егер жүк түсіруге (тиеуге) берілуі жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің кінәсінен (түсіру фронтының бос болмауы, жүк тасымалына ақы және тасымалдаушыға тиісті басқа да төлемдерді төлемеу, тағы басқалар) кешіктірілген жағдайда, жүктер мерзімінде жеткізілген деп есептеледі.

52-бап. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы төлеу

1. Жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың меншігіне жатпайтын вагондардың,

контейнерлердің оларда болған уақыты үшін немесе жүк жөнелтушіге, жүк алушыларға тәуелді себептер бойынша олардың берілуін, қабылдануын күткен мерзім үшін олар тасымалдаушыға вагондарды, контейнерлерді пайдаланғанына ақы төлейді.

2. Жүк алушы, жүк жөнелтуші тасымалдаушыға олардың меншігіндегі немесе жалға алған вагондардың, контейнерлердің олардың кінәсінен станциялық жолдарда тұрған уақытына магистралдық теміржол желісінің операторына төлеген шығындарын ө т е у г е м і н д е т т і .

53-бап. Жүктерді беру кезінде тексеру

1. Тасымалдаушы жүкті беру кезінде мына жағдайларда жеткізілгенде тексереді:

- 1) бұзылған вагондарда, контейнерлерде;
- 2) жолай станциялардың бекіту-пломбалау құрылғылары бар, сондай-ақ бекіту-пломбалау құрылғылары бұзылған вагондарда, контейнерлерде;
- 3) егер мұндай тасымалдар тасымалдау ережелерімен көзделгенде, ашық жылжымалы құрамда немесе бекіту-пломбалау құрылғылары жоқ жабық вагондарда тасымалданғанда жетіспеу, бұзылу немесе зақымдану белгілері болғанда;
- 4) жеткізіп беру мерзімі бұзылғанда немесе тез бүлінетін жүктерді рефрижиратор вагондарда тасымалдауда температуралық режим бұзылғанда;
- 5) т а с ы м а л д а у ш ы т и е г е н д е ;
- 6) тасымалдаушы жүк түсіруді жалпы пайдаланылатын орындарда жүзеге а с ы р ғ а н д а .

2. Ыдыстағы және өлшенбейтін жүктерді тасымалдаушы тек бүлінген жерлердегі ғана жүктің салмағын өлшеп әрі күйін тексереді. Ыдыстың бұзылғаны немесе жүктің күйіне әсер ететін басқа да жағдайлар анықталса, тасымалдаушы бұзылған жерлердегі жүк к е т е к с е р у жү р г і з е д і .

3. Жүкті беру кезіндегі салмағын тексеру тәсілі, оны тиеген кездегі тексеру тәсіліне ұ қ с а с т ү р д е жү р г і з і л е д і .

Егер жөнелту станциясында анықталған жүктің салмағы жеткізілген станциядағы салмағымен салыстырғанда тасымалдау ережелеріне сәйкес белгіленген салмақтық шегінің ауытқу нормасынан және табиғи азаюдан аспаса, жүктің салмағы дұрыс деп е с е п т е л е д і .

4. Жүк алушы мен тасымалдаушыда вагондық таразылар болмаған жағдайда, ақтара және үйіп тиелген жүктердің салмақтары тексерілмей беріледі.

54-бап. Жүктің зақымдалуының, бүлінуінің және жетіспеуінің м ө л ш е р і н а н ы қ т а у

1. Жүктің жетіспейтіндігі, бұзылғандығы, бүлінгендігі немесе зақымдалғаны анықталған жағдайда, тасымалдаушы мен жүк алушы шын мәнінде болған зиянның м ө л ш е р і н а н ы қ т а й д ы .

2. Тасымалдаушының немесе жүк алушының бастамасы бойынша жүктің жетіспеуін, бұзылудан, бүлінуінен немесе зақымдалуынан шын мәнінде болған зиянның мөлшерін анықтау бойынша сараптама немесе өзге де қажетті зерттеу жүргізілуі мүмкін.

3. Сараптама немесе өзге де қажетті зерттеу жүргізуге байланысты шығындар кінәлі тарапқа жүктеледі.

55-бап. Төлем жасау міндеттемелерін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

1. Жүк алушы жүкке ақы төлеуден және оны алудан бас тартқан жағдайда тасымалдаушының тиісті төлемдерді қамтамасыз ету үшін жүкті алып қалуға, сатуға құқығы бар.

2. Соттардың және өзге де уәкілетті органдардың шешімдері бойынша (алынған, тәркіленген, иесіз деп танылған) жүктерді сату кезінде тасымалдаушының тасымалдау мен сақтауға байланысты жасалған шығындары сот шешімдерін және басқа уәкілетті органдардың шешімдерін орындауға құзыретті тұлғалардың атқарушы іс-әрекеттерін жүзеге асыру жөніндегі шығындар ретінде өтеледі.

56-бап. Жүк алушының өз міндеттемелерін бұзуының салдарлары

1. Жүк алушы жүкті алу жөніндегі міндеттерді орындаудан бас тартқан жағдайда тасымалдаушы жүк келген сәттен 7 тәуліктен (тез бүлінетін жүктерге қатысты - 2 тәуліктен) кейін жүк жөнелтушіге жүкті реттеудің қажеттігі жайында жазбаша хабарлама жібереді. Жүк жөнелтуші жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап - 4 тәулік ішінде (тез бүлінетін жүктерге қатысты - 2 тәулік) жүкті реттеуге міндетті.

2. Жүк жөнелтушіден тез бүлінетін жүкті реттеу жөнінде нұсқау алмаса, жүкті сақтау оның бұзылуына әкеліп соғатын болса, тасымалдаушының оны сатуға құқығы бар.

Тасымалдаушыға тиісті барлық төлемдерді шегергеннен кейін, тез бүлінетін жүкті сатудан түскен сома жүк жөнелтушінің атындағы нотариустың депозитіне салынады.

3. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіден жүкті реттеу туралы нұсқау алған мезетке дейін жүкті жүк алушыға беруге құқылы.

4. Жүк жөнелтушінің жүкті реттеу туралы нұсқауын осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімде алмаған жағдайда тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға құқылы.

57-бап. Жүктің бөтен жүк алушының атына келіп түсуі

1. Жүк алушының атына шартпен көзделмеген жүктің келіп түсуі, сондай-ақ атауы теміржолдық көлік жүк құжаттамасында көрсетілгенге сәйкес келмейтін жүк жеткізілген жағдайда:

1) жүк алушы жүктің келгені жөнінде жазбаша хабарлама алған сәттен бастап, бір тәулік ішінде тасымалдаушыға ол тасымалдау шарты бойынша тиісті жағы болып табылмайтындығы жайында жазбаша хабарлауға міндетті;

2) тасымалдаушы жүк жөнелтушіге жүкті реттеудің қажеттілігі жөнінде жедел түрде жазбаша хабарлауға міндетті, ал жүк жөнелтуші 4 тәулік ішінде (тез бүлінетін жүктерге қатысты - 2 тәулік) жүкті реттеу жайында жазбаша нұсқау беруге міндетті;

2. Теміржолдық жүк құжаттамасында аталған жүк алушы тасымалдаушыға тиісті барлық төлемдерді өтеген жағдайда жүкті алуға құқығы бар.

3. Жүк жөнелтушінің нұсқауын осы баптың 1-тармағымен көзделген мерзімде алмаған кезде, тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға, ал тез бүлінетін жүкті осы Заңның 56-бабының 2-тармағына сәйкес сатуға құқылы.

58-бап. Жүк тасымалдау кедергілері

1. Жүк тасымалдаушы жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың кінәсінен туындаған кедергілер (кеден және басқа да мемлекеттік органдар бөгеп қалғанда) жайында және осындай жүктерді одан әрі тасымалдау үшін басқа тасымалдаушыларға тапсыру мүмкін болмағанда, оларға кедергілер туындаған сәттен бастап тәулік ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

Жүк жөнелтуші, сондай-ақ экспедитор, егер мұндай міндеттемелер оған шартпен жүктелген болса, жүк тасымалдарының кедергілерін жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

2. Тасымалдаушыға белгіленген жүктерді жеткізіп беру мерзімдері жүкті жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың кінәсі бойынша кідірткен мерзімге ұзартылады.

3. Экспорттық және импорттық жүктерді кідірткені үшін кінәлі жақ тасымалдаушыға вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшерінде, ал транзиттік жүктерді кідірткен уақыты үшін Қазақстан Республикасының халықаралық шарт шарттарымен белгіленген мөлшерде ақы төлейді.

4. Жүк жөнелтуші кідірілген жүктерге қатысты тасымалдаушыдан жазбаша хабарлама алған сәттен бастап 8 тәулік ішінде (тез бүлінетін жүктерге қатысты - 4 тәулік) шара қолданбаған жағдайда, тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға, тез бүлінетін жүкті осы Заңның 56-бабының 2-тармағына сәйкес сатуға құқылы.

9-тарау. Жолаушыларды, багажды, жүк багажы мен почтаны тасымалдау

59-бап. Жолаушылар тасымалын ұйымдастыру

1. Жолаушылар тасымалын ұйымдастыруды тасымалдаушы жолаушылар поездары

бағыттарын ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша жүзеге асырады.

2. Тасымалдаушы жолаушылар тасымалын дербес, соның ішінде мүдделі тұлғалармен тиісті шарт жасасып ұйымдастыра алады.

3. Тасымалдаушы жолаушылар тасымалын магистралдық теміржол желісі операторымен келісілген кесте бойынша ұйымдастырады.

60-бап. Жолаушыны, багаж бен жүк багажын тасымалдауға шарт

1. Жолаушыны тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы оған жүру құжатына (билетіне) сәйкес поезда орын беріп, оны тағайындалған жеріне жеткізуге міндеттенеді, ал жолаушы жол жүруіне ақы төлеуі керек.

2. Багажды, жүк багажын тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы багажды, жүк багажын тағайындалған жеріне жеткізіп беруге міндеттенеді, ал жөнелтуші (жүру құжатының болуына тәуелсіз) оны тасымалдауға белгіленген тариф бойынша ақы төлейді.

3. Жолаушыны тасымалдау шарты жол жүру құжатымен (билетпен), багажды тасымалдау багаждық түбіртекпен, жүк багажын тасымалдау - жүк багаждық түбіртекпен ресімделеді.

4. Тасымалдаушы жолаушы атаған станцияға дейін жол жүру құжатының (билеттің) сатылуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Жолаушыға жол жүру құжатына сәйкес орын бермеген немесе тасымалдауды жалғастырудан бас тартқан тасымалдаушы өз есебінен жолаушыны тағайындалған жеріне жеткізуге немесе жолаушыға шартты тиісті орындамау арқылы келтірілген шығындарды өтеуге міндетті.

6. Жүру құжаттарының нысаны, оларды сатудың тәртібі мен қолданылу мерзімдері тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

61-бап. Жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау ережелері

Жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау ережелері мыналарды анықтайды:

1) жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды, қолдану мерзімін ұзартуды және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыруды;

2) жолаушылар вагонының санатын, соның ішінде жайлық деңгейі бойынша;

3) жолаушыларға жолаушылар поездары мен вокзалдарда міндетті түрде көрсетілетін қызметтердің тізбесін;

4) жолаушылардың жол жүру поезда төсек-орын жабдықтарын беру және басқа қызметтер көрсетудің шарттарын;

- 5) жолаушының жол жүріп бара жатқанда (10 күнге дейін) кідіріс жасауын ресімдеудің тәртібін;
- 6) қол жүгін алып жүрудің тәртібі мен шарттарын;
- 7) багажды, жүк багажын қабылдаудың және берудің шарттары мен тәртібін;
- 8) тасымалдау құжаттарының нысанын және оларды ресімдеудің тәртібін;
- 9) тасымалдауға жататын жануарлардың тізбесін, оларды тасымалдаудың тәртібі мен шарттарын;
- 10) поездың жүру жолында багаж бен жүк багажын берудің тәртібін;
- 11) багаж бен жүк багажын қайта жөнелтудің тәртібі мен шарттарын;
- 12) багаж бен жүк багажын сақтау, алып қалу және беру тәртібін;
- 13) қауіпті заттарды тасымалдаудың тәртібін;
- 14) қолданылмаған жол жүру құжаттары (билеттер) үшін төлемдерді қайтарудың тәртібін;
- 15) кәмелетке толмаған жолаушылардың жол жүру ережелерін;
- 16) заңнама кесімдеріне сәйкес басқа да жағдайларды.

62-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері

1. Жолаушы мыналарға құқылы:

- 1) поездың жүру бағыты бойынша жолаушылар операцияларына ашық, ол баратын станцияға дейін, қандай да болмасын поездға және қандай да болмасын вагонға жол жүру құжатын (билет) сатып алуға;
- 2) сатып алған жол жүру құжатына (билетке) сәйкес поезддағы вагонда орын алуға;
- 3) егер бала жеке орынды алмаса, өзімен бірге 7 жасқа дейінгі баланы ақысыз және жол жүру ақысының 50 пайызын төлеп, 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларды алып жүруге.

Басқа мемлекеттердің жолаушылар вагондарында және Қазақстан Республикасының жолаушылар вагондарында басқа мемлекеттердің аумағы бойынша тасымалдарда аталған құқықты беру Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының шарттары бойынша жүзеге асырылады;

4) үш өлшемінің қосындысы бойынша габариттері 200 см аспайтын 36 килограмнан артық болмайтын қол жүгін ақысыз алып жүруге. Ал аталған параметрлерден артық болатын қол жүгі, багаж вагонына тапсырылуы тиіс;

5) тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіп бойынша тасымалдаушыға жол жүру құжатын (билетті) тапсыруға және тасымалдаушыдан жол ақы мен багаж ақысын (ал жөнелтуші - багаж, жүк багажы тасымалының ақысын) қайтарып алуға;

6) тасымалдау ережелерімен бекітілген тәртіп бойынша жүру құжатының

қолданылу мерзімін ұзартуға;

7) жол жүру барысында кідіріс жасап тасымалдау ережелерімен бекітілген тәртіп бойынша жол жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін 10 күннен кем болмайтын уақытқа ұзартуға;

8) бос орындар болса және жол жүру құжатына өзгертулер енгізіп, жүру құжатын (билет) сатып алған поездан бұрын жүретін жолаушылар поезымен жүруге;

9) белгіленген ақыға тасымалдауға багажын тапсыруға.

2. Жолаушы мыналарға міндетті:

1) жол жүру құжатын (билетті) сатып аларда, поезға мінерде және жол жүру барысында жол жүру құжатын (билетті) тексергенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге;

2) поезға отырғанда және жол жүру барысында сапар аяқталғанға дейін жүру құжатының (билеттің) болуына;

3) қоғамдық тәртіпті, жолаушылар вагонын және вокзал үй-жайларын пайдалану ережелерін сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға.

63-бап. Багаж бен жүк багажын тасымалдау

1. Тасымалдаушы жолаушыдан немесе жөнелтушіден багаж бен жүк багажын қабылдап алуға және осы операциялар үшін ашық қандай да болмасын станцияға дейін жөнелтуге міндетті.

Жөнелтушінің багажы, жүк багажы багаж вагоны бар таяу арада жүретін поездбен жөнелтіледі. Бұл жағдайда тасымалдаушы жолаушының багажын, жүк багажын бірінші кезекте жөнелтуді қамтамасыз етуге міндетті. Жолаушының жол жүру құжатында көрсетілген бағыт бойынша жеткізілетін багаж, жүк багажы жолаушы бара жатқан поездбен немесе багаж вагоны бар таяу арада жүретін поездбен жөнелтілуі тиіс.

2. Жолаушы (жөнелтуші) багажды, жүк багажын тапсырған кезде олардың құндылығын жариялауға міндетті.

3. Багажбен, жүк багажымен тасымалдауға өзінің мөлшері, буып-түйілгені және қасиеттері бойынша багаж вагонында қиындықсыз тиелетін және орналасатын әрі тасымалдаушының мүлкіне және басқа жолаушылардың (жөнелтушілердің) багажына, жүк багажына зиян келтірмейтін заттар мен нәрселер қабылданады.

64-бап. Багаж бен жүк багажын жеткізіп берудің мерзімі

1. Багаж бен жүк багажын жеткізіп берудің мерзімі тасымалдар жүзеге асырылатын поездардың тағайындалған станцияға дейін жүру уақытымен белгіленеді.

Егер багаж, жүк багажы жолда ауыстырылып тиелсе, жеткізіп беру мерзімі әр ауыстырып тиеуге тәуліктер қосылып белгіленеді.

2. Жолаушы (жөнелтуші) егер багаж, жүк багажы жеткізіп беру мерзімі аяқталғаннан 7 тәуліктен кейін тағайындалған станцияға жеткізілмесе, багажды

жоғалған деп санауға және оның құнының өтелуін талап етуге құқығы бар.

3. Жолаушыға, алушыға багаж тағайындалған станцияда багаж түбіртегін және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін беріледі.

4. Багажды, жүк багажын тапсыру станция жолаушылар тасымалы бойынша операцияларға ашық уақыттың ішінде жүргізіледі.

65-бап. Сақтаудың ең ақырғы мерзімі өтіп кеткен багаж бен жүк
б а г а ж ы н р е т т е у

1. Алушы (соның ішінде жолаушы) тасымалдаушыға тәуелсіз себептер бойынша багаж бен жүк багажын алмаған жағдайда, тасымалдаушы оны тағайындалған станцияда жеткізілген күнінен бастап 30 күн, ал кедендік бақылаудағы багаж бен жүк багажын 15 күн сақтауға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған сақтаудың шекті мерзімі өткеннен кейін, тасымалдаушы багаж бен жүк багажын белгіленген тәртіп бойынша иесіз немесе тәркіленген деп тану үшін оларды сатуды жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органдардың (салық, кеден) қарауына тапсырады. Осы сәттен бастап жөнелтуші, алушы оларға құнын өтеу немесе багажды, жүк багажын алу мәселесі бойынша сұрау
с а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

3. Соттардың және басқа уәкілетті органдардың шешімдері бойынша (алынған, тәркіленген, иесіз деп танылған) багаж, жүк багажы сатылған жағдайда тасымалдаушының тасымалдауға және сақтауға байланысты шеккен шығындары сот шешімдерін және басқа уәкілетті органдардың шешімдерін орындауға құзыретті тұлғалардың атқарушы іс-әрекеттерін жүзеге асыру жөніндегі шығындары ретінде
ө т е л е д і .

66-бап. Қала маңындағы қатынаста жолаушылар тасымалын ұйымдастыру
Тасымалдаушы қала маңындағы тасымалдарды мемлекеттік басқару
органдарының және басқа мүдделі тұлғалардың ұсыныстары бойынша тиісті шарт
жасасу арқылы ұйымдастырады.

67-бап. Почта тасымалы

Почта тасымалы теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті
органы бекіткен тәртіп бойынша почта вагондарымен жүзеге асырылады.

10-тарау. Тасымалдардан ағындайтын міндеттер бойынша
жауапкершілік

68-бап. Тасымалдар бойынша міндеттерді бұзғаны үшін

жауапкершілік

1. Тасымалдардан ағындайтын міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда тараптар осы Заңмен, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен, тасымалдар ережелерімен, сондай-ақ осылардың негізінде жасасқан шарттардың негіздері бойынша және мөлшерінде жауапты болады. Міндеттемені бұзған тарапты жауапкершілікке тарту құқығы бұзылған тараптың талабы бойынша ғана жүргізіледі.

2. Тасымалдардан ағындайтын осы Заңмен белгіленген жауапкершілікті шектеу немесе жою мақсаты қойылған тараптардың шарттары жарамсыз.

Тараптар осы Заңмен белгіленген жауапкершіліктің мөлшерін ұлғайта алады, сондай-ақ тасымалдау шарты бойынша қосымша жауапкершілікті қарастыруына болады.

3. Тасымалдар бойынша, соның ішінде тікелей араласқан және халықаралық қатынаста міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін тасымалдаушылардың өзара жауапкершіліктері осы Заңмен, жүктерді, жолаушыларды тасымалдау ережелерімен, сондай-ақ тасымалдаушылар арасындағы (соның ішінде халықаралық) шарттармен белгіленеді.

4. Тасымалды бірнеше тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайда олар жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының) алдында жүкті жоғалтқаны, бүлдіргені, бұзғаны, жетіспеушілігі, жеткізіп беру мерзімін асырғаны үшін ортақ жауапты болады.

5. Егер тасымалдаушы басқа тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің, экспедитордың кінәсінен жауапкершілікке тартылса, оның кінәлілерге кері талап қоюға құқығы бар.

69 - бап. Айыпқұн (айыппұл)

1. Жүктер тасымалы бойынша міндеттерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін кінәлі тарап айыпқұнды (айыппұлды) Азаматтық кодекспен, осы Заңмен немесе шартпен белгіленген мөлшерде төлейді.

2. Тасымалдаушыға тиісті төлемді мерзімін өткізіп төлегені үшін Азаматтық кодекспен белгіленген бөтен адамдардың ақшалай қаржысын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік мөлшерінде айыпқұн алынады.

3. Тараптардың басқа шарттары болмаса тасымалдаушы жасаған төлемнің сомасынан ең алдымен есептелген айыпқұнның (айыппұлдың) сомаларын, ал қалған бөлігінде борыштың негізгі сомасын өтейді.

70-бап. Жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірген зиян

үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

Тасымалдаушы жолаушының салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша Азаматтық кодекске сәйкес жауап береді.

Жолаушының өміріне, денсаулығына келтірген зиян үшін тасымалдаушының жауапкершілігі жолаушының поезда және вокзал аумағында поездға отырған (түскен) кезінде пайда болады.

71-бап. Тасымалдаушының жүкті, багажды, жүк багажын жоғалтқаны, жетіспегені немесе бұзылғаны (бүлінгені) үшін жауапкершілігі

1. Тасымалдаушы жүкті, багажды, жүк багажын тасымалдауға алған сәттен бастап жүк алушыға, алушыға тапсырған сәтке дейін олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Багажды, жүк багажын жоғалтқаны, жетіспеушілігі, бүлдіргені (бұзғаны) үшін мүліктік жауапкершілік оларды қабылдаған - тапсырған сәттен бастап ауысады.

3. Тасымалдауға құндылығы жарияланбай қабылданған жүкті жоғалтқаны, жетіспегені немесе бұзылғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушы мына мөлшерде жауапты болады:

1) жоғалтқан немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген жүктің құны мөлшерінде;

2) бұзылған (бүлінген) жағдайда - құны төмендеген сома мөлшерінде; Жүктің құны сатушының шотында, шартта көрсетілген бағаға сүйеніп, ал ол болмағанда салыстырмалы жағдайда осыған ұқсас тауарлардан алынатын баға негізге алынып анықталады.

4. Тасымалдауға құндылығы жарияланып тапсырылған багаж бен жүк багажының, сондай-ақ жүктің жоғалғаны, жетіспегені немесе бұзылғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушы жарияланған құндылығы мөлшерінде жауапты болады.

5. Тасымалдаушы осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген зиянның орнын толтырудан басқа, егер тасымал ақысы олардың құнына кірмеген болса, клиентке жоғалтқан, жетіспеген, бұзылған (бүлінген) багажды, жүкті, жүк багажын тасымалдауға алынған тасымал төлемін қайтарады.

6. Жеткізіп беру мерзімі өткеннен 7 күннен кейін, ал жүктерді тікелей араласқан қатынаста тасымалдағанда - тасымалдауға қабылдаған күннен 30 күн өткеннен кейін жүк, багаж, жүк багажы жоғалтылды деп саналады.

Жүк, багаж, жүк багажы аталған мерзім өткеннен кейін жеткізілген жағдайда, алушы оларды қабылдап алуға, сондай-ақ оған жоғалтқаны үшін тасымалдаушының төлеген сомасын қайтаруға міндетті.

7. Егер тасымалдаушы болдырмауға және оларды жоюға тәуелсіз болған жағдайлардың нәтижесінде жоғалғанын, жетіспегенін, бұзылғанын (бүлінгенін)

дәлелдей алмаса, ол жүктің, багаждың, жүк багажының сақталуына жауапты болады.

8. Егер тасымалдаушы тиеу кезіндегі теміржол жүк құжатында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмейтін жүкті берген жағдайда, тасымалдаушы жүк алушы алдында жоғалтқаны үшін жүктің теміржол жүк құжатында көрсетілген құны мөлшерінде жауапты болады.

72-бап. Жүк тасымалдарының жоспары бойынша тапсырыстарды орындамағаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушы қабылданған тапсырысқа сәйкес көлік құралын бермегені, ал жүк жөнелтуші жүкті ұсынбағаны, сондай-ақ берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін, есептеу көрсеткішінің мөлшерінен есептелетін айыппұл түрінде мынадай мөлшерде мүлікті жауапты болады:

1) жүктерді контейнерлермен тасымалдағанда:

брутто салмағы 5 тоннаға дейін қоса есептелген әр контейнер үшін 15 пайыз;

брутто салмағы 5 тоннадан 10 тоннаға дейін қоса есептелген әр контейнер үшін 30 пайыз;

брутто салмағы 10 тоннадан артық әр контейнер үшін 60 пайыз;

2) жүктерді рефрижератор вагондардан, транспортерлардан басқа вагондарда тасымалдағанда - әр вагон үшін 150 пайыз;

3) рефрижератор вагондарда, транспортерларда тасымалдағанда - әр вагон үшін 290 пайыз.

2. Жүктерді (вагонмен ғана тасымалдау белгіленгенде) тар табан жолы бар теміржол желілері бойынша тасымалдағанда - осы баптың 1-тармақшасымен қарастырылған айыппұлдардың 50 пайызы мөлшерінде.

3. Жүктерді тасымалдау тапсырысын орындамағаны үшін айыппұл вагондарды, контейнерлерді пайдаланғанға ақы төлеуден тәуелсіз алынады.

73-бап. Вагондар мен контейнерлерге өз еркімен алғаны, бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушы, жүк жөнелтуші, жүк алушы, сондай-ақ басқа тұлғалар олардың меншігіне жатпайтын вагондарды, контейнерлерді меншікті тасымалдар, жүктерді сақтау үшін пайдалануға құқығы жоқ және оларды иеленушілерінің рұқсатынсыз, егер тиісті шарттармен көзделмесе, тиеу жұмыстарына пайдалануға құқығы жоқ.

2. Осындай талапты сақтамағаны үшін кінәлі тарап вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы төлеумен қатар көлік құралдары иесінің алдында вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшеріндегі айыппұл түрінде мүлікті жауапты болады.

3. Осы баптың 2-тармағымен көзделген айыппұлды өтеу кінәлі тарапты иеленуші алдындағы Азаматтық кодекспен белгіленген мүліктік жауапкершіліктен босатпайды.

74-бап. Жүкті жеткізіп берудің мерзімдерін бұзғаны үшін
жауапкершілік

1. Жүкті жеткізіп берудің, соның ішінде тікелей араласқан қатынаста тасымалдаған кезде жолдың теміржолдық бөлігі үшін өтіп кеткен мерзімнің әр тәулігі үшін тасымалдаушы жүк алушыға, егер мерзімінен өткізіп алғаны оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, теміржол көлігі тасымал төлемінің 5 пайызы мөлшерінде, бірақ 50 пайыздан аспайтын айыппұл төлейді.

Тасымалдаушының меншігінде емес бос вагондарды жеткізіп беруді мерзімінен асырғанда тасымалдаушыдан осы мөлшерде айыппұл алынады.

2. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор өнімдерді экспортқа, импортқа, транзитке жеткізіп беруді ресімдеу жөніндегі заңдардың талаптарын бұзғаны үшін вагондар мен контейнерлердің кеден, шекара немесе басқа бақылау жасау органдарының түрлерімен тоқтатылып қоюына әкеліп соққаны себепті тасымалдаушының пайдасына вагондарды, контейнерлерді пайдаланғанының төлемі мөлшерінде айыппұл салынады.

75-бап. Жолаушыларды, багажды жеткізудің мерзімдерін
бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушы багажды, жүк багажын жеткізіп берудің өтіп кеткен мерзімдерінің әр тәулігі үшін жолаушыға, алушыға, егер мерзімінен өткізіп алғаны оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жол жүру ақысының 10 пайыз мөлшерінде, бірақ 50 пайыздан аспайтын айыппұл төлейді.

Жеткізіп берудің мерзімінен асып кетуі багаж, жүк багажы жеткізілген тәуліктің сағат 24.00-ден бастап саналады.

2. Багажды, жүк багажын жеткізіп беру мерзімін бұзғаны үшін айыппұл төлеу тасымалдау ережелеріне сәйкес жолаушының арызы бойынша жалпы нысандағы актінің негізінде жүргізіледі.

3. Жөнелтілуін кідірткені, сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын жолаушы поезының тағайындалған теміржол станциясына кешіккені үшін тасымалдаушы жолаушыға кешіккен әр сағатына жол жүру құжаты құнының 3 пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді, егер жолаушы қосымша шығын жасаған болса, оның орнын тоқтырады.

Өтелген айыппұлдың сомасы жол жүру құжатының (билеттің) құнынан аспауы тиіс.

Жолаушы поезының кешіккені үшін айыппұл төлеу тасымалдау ережелеріне сәйкес жолаушының арызы бойынша жүргізіледі.

76-бап. Жүкті, багажды, жүк багажын тасымалдауға тасымал

шарттарын бұзып тапсырғаны үшін жауапкершілік

1. Көліктік теміржол жүк құжаттамасында жүктің атауын, оның ерекше белгісін немесе жүк тасымалы кезінде қажетті сақтық шараларын дұрыс көрсетпегені, сондай-ақ тасымалдауға тыйым салынған жүкті жөнелткені немесе оның қасиеттерін дұрыс көрсетпегені үшін тасымалдаушыға аталған жағдайдан туындаған шығындарды өтеумен қатар жүк жөнелтушіден осындай жүкті тасымалдаудың барлық ара қашықтығына тасымалдау ақысының бес есе мөлшерінде айыппұл салынады.

2. Багажды, жүк багажын жөнелтуші тасымалдаушы алдында тасымалдауға тыйым салынған жүкті, багажды тасымалдағаны үшін тасымалдау құнының бес есе мөлшеріндегі айыппұл түрінде жауапкершілік тартады, қолданылып жүрген заңдармен көзделген жағдайда әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

77-бап. Жол жүру құжаты жоқ жолаушының жауапкершілігі

Жол жүру құжатынсыз жүрген жолаушыдан жол жүру құнынан басқа, тасымалдаушының пайдасына айлық есептеу көрсеткішінің он есе мөлшерінде айыппұл алынады.

78-бап. Вагондарды, контейнерлерді асыра тиегені үшін жауапкершілік

Вагонды, контейнерді жүк көтерімділігінен (сыйымдылығынан) артық тиегені үшін жүк жөнелтуші жол жүру ақысының 50 пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді, сондай-ақ тасымалдаушыға вагонды, контейнерді артық тиеуден келтірілген шығындарды өтейді.

79-бап. Вагондарды, контейнерлерді жүкті түсіргеннен кейін тазаламағаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушы тазаланбаған вагонды, контейнерді қабылдаудан бас тартуға құқығы бар. Вагонның, контейнердің тазалауда тұрған уақытына жүк алушы тасымалдаушыға пайдаланғаны үшін ақы төлейді.

2. Вагонды, контейнерді тазалаудан бас тартқаны үшін жүк алушыдан тасымалдаушының пайдасына тазалау жөніндегі жұмыс құнының екі есе мөлшерінде айыппұл төлейді.

80-бап. Жылжымалы құрамды, контейнерлерді, түсіретін тасымалдау құралдарын бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін жауапкершілік

Жылжымалы құрамды, контейнерлерді, түсіретін тасымалдау және пакеттеу құралдарын бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін кінәлі тараптан меншік иесінің (иеленушінің) пайдасына жоғалған мүліктің немесе қажетті жөндеудің құны, сондай-ақ

жоғалған мүліктің немесе қажетті жөндеудің құны мөлшерінде айыппұл алынады.

81-бап. Кіреберіс жолдарға вагондарды беруді, алуды кешіктіргені үшін жауапкершілік

1. Кіреберіс жолдарға вагондарды беру және алу, пайдалану шарттары бойынша тасымалдаушы теміржол кіреберіс жолдарына тиеу және түсіру орындарына (орындарынан) вагондарды беруді, алуды, қабылдауды кешіктіргені үшін әр вагон үшін сағатына 1,7 пайыз мөлшерінде айлық есептеу көрсеткішінің мөлшерінен саналатын айыппұл түрінде жауапкершілік тартады.

Айыппұл аталған шарттарда көзделген вагондарды беру, алу мерзімін бұзған сәттен бастап кешіктірілген уақытының бәріне есептеледі.

2. Вагондарды 15 минуттан кем уақытқа кешіктіру есепке алынбайды. Вагондарды 15 минуттан 1 сағатқа дейін кешіктіру толық бір сағатқа саналады.

82-бап. Жауапкершіліктен босату

1. Тараптар тасымалдау шартынан туындайтын міндеттемелерді атқармағаны немесе лайықты атқармағаны үшін жауапкершіліктен Қазақстан Республикасының Азаматтық К941000_ кодексімен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен көзделген негіздер бойынша босатылуы мүмкін.

2. Тараптар міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер олар:

1) қарсы тұруға болмайтын күштің, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың;

2) әскери әрекеттердің, төтенше жағдай енгізудің;

3) осы Заңмен белгіленген тәртіп бойынша жарияланған жүк тасымалын, поездар қозғалысын тоқтатудың немесе шектеудің салдарынан болса.

83-бап. Тасымалдаушыны жауапкершіліктен босату

1. Тасымалдаушы осы Заңның 82-бабының 2-тармағында аталған негіздерден басқа мына жағдайларда жауапкершіліктен босатылады:

1) жолаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының), экспедитордың кінәсінен міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісті орындамағанда ;

2) тасымалдаушы күнтізбелік он күн ішінде осы он күннің жекелеген күндерінде жол берген вагондарды, контейнерлерді бермеудің орнын толтырғанда;

3) вагондарды және контейнерлерді беру тоқтатылғанда немесе осы Заңның 52-бабының 3-тармағымен көзделген жағдайда жүктердің жөнелтілуі тұрып қалғанда;

4) жүк алушы жүкті дер кезінде түсірмеу әрі алып кетпеу салдарынан жүк бүлінгенде және бұзылғанда ;

5) жүк, багаж, жүк багажы түзу вагонда, жөнелтуші белгілеген түзу бекіту-пломбалау құрылғыларымен жеткізілгенде, немесе түзу жылжымалы құрамда жол жүру барысында артық тиеусіз түзу қорғаныш маркировкасымен немесе түзу буып-түйілгенде, сондай-ақ жүктің, багаждың, жүк багажының сақталғандығын куәландыратын басқа да белгілері болғанда;

6) жүктің ерекше табиғи қасиеттерінен байланысты сақталмағанда, сондай-ақ оны тасымалдауға жол жүру құжаттарында өзгеше жағдайды талап ететін ерекше қасиеттерін не тасымалдауда немесе сақтағанда сақтық шараларын көрсетпей тапсырғанда;

7) жүктер жабық вагондарға, контейнерлерге тиелгенде, түсірілгенде, егер тиеу немесе түсіру жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының құралдарымен жүргізілгенде;

8) жүктерді ашық жылжымалы құрамда тасымалдаумен байланысты табиғи себептермен сақталмағанда;

9) жүкті жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жолсерігінің ере жүруімен тасымалданғанда;

10) жүк жөнелтуші жүк құжаттамасында мәліметтерді теріс, қате немесе жартылай көрсеткенде;

11) жүктің салмағындағы айырмашылық табиғи азаю нормасының шегінде, ылғалдылығы төмендегенде және нормалардың таразы көрсеткішіндегі айырмашылығында, сондай-ақ салмағы тасымалдаушының қатысуынсыз жөнелтуші белгілеген жүк тасымалдауға қабылданғанда;

12) тасымалдау мерзімін және температуралық режимді сақтап тасымалдағанда тез бұзылатын жүк бүлінгенде;

13) көлік ыдысының немесе олардың қасиетінің көзге елеусіз кемшіліктерінен жүктің, багаждың, жүк багажының сақталмағанында.

2. Тасымалдаушы жолаушы қол жүгі ретінде өзімен алып жүрген багаждың сақталуына жауапты болмайды.

84-бап. Жүк жөнелтушіні, жүк алушыны жауапкершіліктен босату

Жүк жөнелтуші, жүк алушы осы Заңның 82-бабының 2-тармағында аталған негіздерден басқа мына жағдайларда жауапкершіліктен босатылады:

1) алдын-ала келісімсіз берілген вагондарды, контейнерлерді пайдаланбағанда;

2) он күннің жекелеген күндері жол берілген жүктің жетіспеушілігін аталған күнтізбелік он күн ішінде толтырғанда;

3) тығыздап тиеудің нәтижесінде тапсырыстағы вагондарды, контейнерлерді көрсетілген мөлшерінен аз пайдаланғанда;

4) тасымалдаушыны вагонды, контейнерді пайдаланбайтындығы жөнінде жүк тиейтін күннен кем дегенде үш тәулік бұрын ескертсе.

11-тарау. Кесімдер, талаптар, қуынымдар

85-бап. Талап қоюдың шарттары мен тәртібі

1. Тасымалдаушыға тасымалдау келісімшартынан туындайтын талаптарды қоюға жолаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының) құқығы беріледі.

2. Талапқа өтініш иесінің талап қоюға құқығы бар екендігін куәландыратын құжаттардың түпнұсқасы немесе тиісті мөр басып куәландырылған көшірмесі қоса беріледі тиіс.

3. Талапқа өтініш иесінің талаптарын растайтын мына құжаттар түпнұсқасымен қоса беріледі тиіс:

1) жолаушылар поезының жөнелтілуі кешіктірілген немесе кешіккен жағдайда - жол жүру құжаты (билет);

2) багажды, жүк багажын жоғалтқанда, жеткізіп беру мерзімін бұзған жағдайда - багаж, жүк багажы түбіртегі;

3) багаж, жүк багажы жетіспеген, бүлінген, бұзылған жағдайда багаж, жүк багажы түбіртегі мен коммерциялық кесім;

4) жүк жоғалған жағдайда - жүк түбіртегі;

5) жүк жетіспеген, бүлінген, бұзылған, тапсыру кешіктірілген жағдайда - көліктік теміржол жүк құжаттамасы, сондай-ақ коммерциялық кесім;

6) жүкті жеткізіп беру мерзімдері бұзылған жағдайда - көліктік теміржол жүк құжаттамасы.

4. Жүктің жоғалуына, жетіспеуіне, немесе бүлінуіне (бұзылуына) қатысты талапқа осы баптың 3-тармақшасында аталған құжаттардан басқа меншік құқығын және жүктің құнын растайтын құжаттар қоса берілуі тиіс.

86-бап. Талап қоюдың мерзімдері

1. Тасымалдау шартынан туындайтын талаптар тасымалдаушыға үш ай ішінде, ал айыппұлға, өсімге және артық төленген жол жүру төлеміне қатысты талаптар - бір ай ішінде қойылады.

Талап қоюдың аталған мерзімдері мыналарға қатысты есептеледі:

1) жүкті, багажды, жүк багажын жоғалтқаны үшін шығынды өтеу - жеткізіп беру мерзімі аяқталғаннан 7 тәулік өткеннен кейін;

2) жүктің, багаждың, жүк багажының жетіспеушілігін, бұзылғанын (бүлінгенін), жеткізіп беру мерзімін өткізіп алғаны үшін шығынды өтеу - алған күннен бастап;

3) жүк, багаж, жүк багажы тасымалына артық төленген төлемдерді қайтару - жүкті алған күннен бастап;

4) багажды және жүк багажын жеткізіп беру мерзімін өткізіп алғаны үшін - алған күннен бастап;

5) жүк тасымалына қабылданған тапсырысты орындамағаны үшін айыппұл өндіріп алу - тасымалдау ережелерімен тапсырысты орындау үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін;

б) басқа жағдайларда - талап қоюға негіз болған оқиға болған күннен;

2. Тасымалдаушы, егер талап қою мерзімін өткізіп алудың себебін орынды деп таныса қойылған талапты белгіленген мерзім өткеннен кейін де қарауға құқығы бар.

87-бап. Талапты қараудың тәртібі мен мерзімдері

1. Талап алынған күннен бастап бір ай мерзімде қаралуы керек.

Тікелей араласқан қатынастағы тасымалдар бойынша талап үш айлық мерзімде қаралуы керек, халықаралық қатынастағы тасымал бойынша талап - халықаралық шарттардың шарттарымен белгіленген мерзімде қаралады.

2. Талапты тасымалдаушы толығымен немесе ішінара қанағаттандыруы немесе қабыл алмауы мүмкін. Тасымалдаушы талапты қараудың нәтижесі бойынша өтініш иесіне жазбаша түрде хабарлайды.

3. Өтініш иесінің талабын ішінара қанағаттандырғанда немесе қабыл алмағанда тасымалдаушы жазбаша хабарламасында қабылданған шешімге негіз болғандар көрсетіліп, нормативтік құқықтық құжаттарға сілтеме жасалуы тиіс. Жазбаша хабарлама өтініш иесіне талапқа қоса берілген құжаттармен бірге жолданады.

88 - б а п . К е с і м д е р

1. Тасымалдарды жүзеге асырғанда тасымалдаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының), экспедитордың немесе жолаушының мүліктік жауапкершілігі үшін негіз болатын жағдайлар коммерциялық кесімдермен немесе жалпы нысандағы кесімдермен куәландырылады.

Коммерциялық кесімнің және жалпы нысанды кесімнің нысандары, сондай-ақ оларды жасау ережелері тасымалдау кесімдерімен белгіленеді.

2. Тасымалдаушы жүкті, багажды, жүк багажын тапсырғанда мына жағдайларды куәландыру үшін коммерциялық кесім жасауға міндетті:

1) шын мәніндегі атауының, сондай-ақ тасымалдау құжаттарында аталған салмағы мен орын санының сәйкес келмеуін;

2) бұзылуын (бүлінуін);

3) тасымалдау құжатынсыз жүкті, багажды не жүк багажын немесе тасымалдау құжатын жүксіз, багажсыз не жүк багажынсыз тапқанда;

4) тасымалдаушыға ұрланған жүкті, багажды немесе жүк багажын қайтарғанда;

5) тасымалдаушының жүк беретін орынға (жалпы пайдаланылатын және жалпы пайдаланылмайтын) жүкті тапсыру жөніндегі құжаттарды ресімдегеннен 24 сағат ішінде бермегенде. Аталған жағдайда коммерциялық кесім жүк алушының талабы бойынша ғана жасалады.

Тасымалдаушы коммерциялық кесім жасалғандығы жөнінде тасымалдау құжаттарында белгі соғуға міндетті.

3. Жалпы нысандағы кесімдер осы баптың 2-тармағында көзделмеген жағдайлар кұландырылғанда жасалады.

4. Коммерциялық кесімдерді жасауға қатысқан тараптардың оларға қол қоюдан бас тартуға құқығы жоқ. Коммерциялық кесімнің мазмұнымен келіспегенде тараптардың өз пікірлерін баяндауға құқығы бар.

5. Күмәнді ақпараттан тұратын коммерциялық кесімді жасаған немесе қол қойған тұлғалар заң кесімдерімен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

89-бап. Қуыным мерзімдері

1. Тасымалдаушыға тасымалдаудан туындайтын қуыным ол талапты қанағаттандырудан толық не ішінара бас тартқан жағдайда немесе осы Заңның 87-бабымен белгіленген мерзімде қойылған талапқа тасымалдаушы жауап бермеген жағдайда жасалуы мүмкін.

2. Жүкті тасымалдау шарты бойынша - қуыным мерзімі бір жыл.

3. Қуынымның мерзімі қуыным жасауға негіз болған оқиғалардан соң келесі күні басталады.

12-тарау. Қорытынды ережелер

90-бап. Ақпарат, қызметтік іс қағаздары мен байланыс

1. Тасымалдаушы жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) тасымал бойынша көрсетілетін қызметтер жөнінде қажетті әрі дұрыс ақпарат беруге міндетті.

Теміржол станцияларындағы, теміржол вокзалдарындағы, поездардағы және жолаушыларға, багаждарды, жүк багаждарын жөнелтушілер мен алушыларға, жүк жөнелтушілерге, жүк алушыларға қызмет көрсетілетін басқа жерлердегі ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі, сондай-ақ жергілікті халықтың мүддесін есепке алып басқа тілдерде берілуі мүмкін.

2. Жолаушылар, жүктер, багаждар, жүк багаждарын тасымалдауға тарифтердің, сондай-ақ алымдардың өзгергендігі жөніндегі мәліметтер оларды енгізуден 10 күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3. Теміржол көлігіндегі қызметтік іс жүргізу мен байланыс мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

4. Теміржол көлігіндегі тасымалдау құжаттары және халықаралық

хабарламалар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларымен белгіленген тілдерде жүзеге асырылады.

91-бап. Теміржол көлігі кәсіпорындарында есепке алу-есеп беру уақыты

1. Теміржол көлігінде теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы белгілеген бірыңғай есепке алу-есеп беру уақыты қолданылады.

2. Халықаралық қатынаста есепке алу-есеп беру уақыты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.